# «Шардара гидроэлектростанциясы» АҚ

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең ішіндегі аралық қысқартылған қаржылық есептілік (аудиттелмеген)**

**және Шолу тексерісінің нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың қорытындысы**

# Мазмұны

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛУ ТЕКСЕРІСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішіндегі
АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:


2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ........ 1
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП ........ 1
2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішіндегі ........ 3
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП ........ 3
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ........ 4

1. Компания және оның қызметі ........ 5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері ........ 6
3. Жаңа стандарттар, түзетулер және түсініктемелер ........ 7
4. Басшылықтың бағалауы ........ 7
5. Негізгі құралдар ........ 7
6. Қорлар ........ 8
7. Сауда және басқа дебиторлық берешек ........ 8
8. Басқа ағымдағы активтер ........ 8
9. Ақша қаражаттары және олардың баламалары ........ 8
10. Капитал ........ 8
11. Қарыздар ........ 9
12. Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек ........ 9
13. Басқа салықтар бойынша міндеттемелер ........ 9
14. Басқа да ағымдағы міндеттемелер ........ 10
15. Түсім ........ 10
16. Сатылымдардың өзіндік құны ........ 10
17. Жалпы және әкімшілік шығыстар ........ 11
18. Қаржылық кірістер ........ 11
19. Қаржылық шығыстар ........ 11
20. Табыс салығы бойынша шығыстар ........ 11
21. Байланысты тараптармен операциялар ........ 12
22. Шарттық және шартты міндеттемелер ........ 13
23. Қаржылық тәуекелдерді басқару ........ 14
24. Қаржы құралдарының әділ құны ........ 16
25. Есепті күннен кейінгі оқиғалар ........ 16

**2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**
**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| | Еск.* | 30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген) | 31.12.2022 ж-ға (аудиттелген) |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 5 | 30 776 348 | 31 443 581 |
| Материалдық емес активтер | | 12 759 | 6 090 |
| **Ұзақ мерзімді активтердің жиыны** | | **30 789 107** | **31 449 671** |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Қорлар | 6 | 583 896 | 581 155 |
| Сауда және басқа дебиторлық берешек | 7 | 919 316 | 494 634 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 21 098 | 6 074 |
| Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем | | 27 854 | 80 427 |
| Басқа ағымдағы активтер | 8 | 14 340 | 22 572 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 9 | 1 446 777 | 1 395 513 |
| **Ағымдағы активтердің жиыны** | | **3 013 281** | **2 580 375** |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **33 802 388** | **34 030 046** |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 10 | 332 755 | 332 755 |
| Қосымша төленген капитал | | 255 444 | 255 444 |
| Бөлінбеген пайда | | 16 777 667 | 14 665 819 |
| **КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **17 365 866** | **15 254 018** |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме | | 1 788 066 | 1 218 579 |
| Ұзақ мерзімді қарыздар | 11 | 11 100 000 | 12 600 000 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны** | | **12 888 066** | **13 818 579** |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Ағымдағы қарыздар | 11 | 3 155 208 | 3 090 306 |
| Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек | 12 | 24 455 | 1 552 101 |
| Басқа салықтар бойынша міндеттемелер | 13 | 218 526 | 213 463 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 14 | 150 267 | 101 579 |
| **Ағымдағы міндеттемелердің жиыны** | | **3 548 456** | **4 957 449** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ** | | **16 436 522** | **18 776 028** |
| **КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ** | | **33 802 388** | **34 030 046** |

* 5-16 беттердегі ескертпелер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Берлібаев А. А.
Басқарманың төрағасы

ШАРДАРА СУ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯСЫ
ШАРДАРИНСКАЯ ГЭС

Сахова Н. И.
Бас бухгалтер

## 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішіндегі
## ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

| | Еск.* | 30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай ішінде (аудиттелмеген) | 30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай ішінде (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| Түсім | 15 | 5 827 343 | 4 398 585 |
| Сатылымның өзіндік құны | 16 | (1 914 613) | (1 785 830) |
| **Жалпы пайда** | | **3 912 730** | **2 612 755** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 17 | (201 026) | (163 826) |
| Қаржы активтерінің құнсыздануын қалпына келтіруден түскен кірістер (құнсызданудан болған залалдар), нетто | | (275) | 19 |
| Қаржылық кірістер | 18 | 104 968 | 30 929 |
| Қаржылық шығындар | 19 | (1 046 402) | (1 189 583) |
| Бағамдық айырмашылықтардан пайда (залал), нетто | | 14 154 | (1 008) |
| Басқа кірістер (шығыстар), нетто | | (2 813) | (1 132) |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **2 781 336** | **1 288 154** |
| Табыс салығы бойынша үнем (шығыс) | 20 | (569 488) | (278 146) |
| **Кезең ішіндегі пайда** | | **2 211 848** | **1 010 008** |
| Басқа жиынтық табыс | | - | - |
| **Кезең ішіндегі жиынтық табыс** | | **2 211 848** | **1 010 008** |
| **Акцияға шаққандағы пайда – негізгі және бытыраңқы, теңге** | | **6 647** | **3 035** |

* 5-16 беттердегі ескертпелер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Берлібаев А. А.
Басқарманың төрағасы

Сахова Н. И.
Бас бухгалтер

**2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең ішіндегі**
**АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| | Еск.* | 30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай ішінде (аудиттелмеген) | 30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай ішінде (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы: | | | |
| **Ақша қаражаттарының түсуі, барлығы** | | **6 172 710** | **4 064 581** |
| өнімдер мен қызметтерді сату | | 6 067 177 | 4 029 749 |
| банктік шоттар мен депозиттер бойынша сыйақылар | | 104 968 | 30 929 |
| басқа түсімдер | | 565 | 3 903 |
| **Ақша қаражаттарының кемуі, барлығы** | | **(3 147 303)** | **(3 598 940)** |
| тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер | | (1 154 226) | (624 054) |
| жалақы бойынша төлемдер | | (337 573) | (310 057) |
| алынған қарыздар бойынша сыйақыға байланысты төлемдер | | (880) | - |
| борыштық бағалы қағаздар (облигациялар) бойынша сыйақы төлеу | 11 | (981 500) | (1 170 000) |
| корпоративтік табыс салығы | | (16 279) | (6 772) |
| бюджетке төленетін басқа төлемдер | | (596 949) | (583 833) |
| пайдалану шектелген қолма-қол ақшаға қайта жіктеу | | - | (855 171) |
| басқа төлемдер | | (59 896) | (49 053) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы** | | **3 025 407** | **465 641** |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы:** | | | |
| **Ақша қаражаттарының кемуі, барлығы** | | **(1 418 257)** | **(11 453)** |
| негізгі құралдарды сатып алу | | (1 408 883) | (11 453) |
| материалдық емес активтерді сатып алу | | (9 374) | - |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы** | | **(1 418 257)** | **(11 453)** |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы:** | | | |
| **Ақша қаражаттарының кемуі, барлығы** | | **(1 600 000)** | **(1 500 000)** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды (облигацияларды) өтеу | 11 | (1 500 000) | (1 500 000) |
| дивидендтер төлеу | 10 | (100 000) | - |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы** | | **(1 600 000)** | **(1 500 000)** |
| Курстық айырмашылықтардың әсері | | 44 389 | 1 771 |
| Құнсыздану әсері | | (275) | 19 |
| **Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының өсуі (азаюы) жиыны** | | **51 264** | **(1 044 022)** |
| **Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары** | 9 | **1 395 513** | **1 552 584** |
| **Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары** | 9 | **1 446 777** | **508 562** |

* 5-16 беттердегі ескертпелер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Берлібаев А. А.
Басқарманың төрағасы

Сахова Н. И.
Бас бухгалтер

**2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін**
**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| | Еск.* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Бөлінбеген пайда | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **01.01.2022 ж.** (аудиттелген) | | **332 755** | **255 444** | **12 727 205** | **13 315 404** |
| Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген) | | - | - | 1 010 008 | 1 010 008 |
| Кезең ішіндегі басқа жиынтық табыс (аудиттелмеген) | | - | - | - | - |
| **Кезең ішіндегі жиынтық табыстың жиыны** (аудиттелмеген) | | - | - | **1 010 008** | **1 010 008** |
| **30.06.2022 ж.** (аудиттелмеген) | | **332 755** | **255 444** | **13 737 213** | **14 325 412** |
| **31.12.2022 ж.** (аудиттелген) | | **332 755** | **255 444** | **14 665 819** | **15 254 018** |
| Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген) | | - | - | 2 211 848 | 2 211 848 |
| Кезең ішіндегі басқа жиынтық табыс (аудиттелмеген) | | - | - | - | - |
| **Кезең ішіндегі жиынтық табыстың жиыны** (аудиттелмеген) | | - | - | **2 211 848** | **2 211 848** |
| Дивидендтер | 10 | - | - | (100 000) | (100 000) |
| **30.06.2023 ж.** (аудиттелмеген) | | **332 755** | **255 444** | **16 777 667** | **17 365 866** |

* 5-16 беттердегі ескертпелер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Берлібаев А. А.
Басқарманың төрағасы

ШАРДАРА СУ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯСЫ
ШАРДАРИНСКАЯ ГЭС

Сахова Н. И.
Бас бухгалтер

## 1. Компания және оның қызметі

### Жалпы ақпарат

«Шардара гидроэлектростанциясы» АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 ақпандағы № 76 «Шардара ГЭС» акционерлік қоғамын құру мәселелері» қаулысының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998 жылғы 26 наурыздағы № 150 қаулысының және «Су қоймасы бар Шардара ГЭС» республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан бөлінген «Шардара ГЭС» мүліктік кешені базасында ашық акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы «Шардара ГЭС» ашық акционерлік қоғамын құру туралы» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитетінің 1998 жылғы 25 тамыздағы № 585 қаулысының негізінде құрылған.

Бастапқы тіркеу күні – 1998 ж. 10 қыркүйегі. 2004 ж. 25 маусымында Компания «Шардара гидроэлектростанциясы» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды, мемлекеттік қайта тіркеу Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 9262-1958-АҚ тіркеу нөмірімен жүргізілді.

Компанияның және оның атқарушы органының заңды мекенжайы мен қызметін жүзеге асыру орны:
161400, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Шардара қаласы, Елмұратов көшесі, 13

### Негізгі қызметі

Компания бір операциялық сегмент – Шардара су электр станциясын пайдалану арқылы Шардара қаласындағы Сырдария өзенінің су ресурстары негізінде электр энергиясын өндіру шеңберінде қызметті жүзеге асырады. Қызмет шеңберіндегі Компанияның кіріс көздері:

- электр энергиясын өндіру және сату;
- электр қуатының дайындығын қолдау қызметі.

Компанияның операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II Заңымен, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексімен (бұдан әрі – заңнама) реттеледі. Электр энергиясына және электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметке тарифтер заңнамаға сәйкес айқындалады және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.

2019 жылғы 7 маусым Компания мен Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Компания Шардара ГЭС-ін жаңғырту жөніндегі инвестициялық бағдарламаны іске асыру кезінде Келісім тараптарының қатынастарын реттейтін инвестициялық келісімге қол қойды. Инвестициялық келісім электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметке жеке тарифті қолдануға рұқсат береді.

Тарифтік шешімдер айтарлықтай дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелер мен жағдайлардың әсеріне ұшырайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты Компанияның операциялық қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

### Акционер және Компанияның соңғы бақылаушы тарабы

Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Энерго немесе Бас компания) болып табылады.

Самұрық-Энергоның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл – ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі-Самұрық-Қазына Қоры) болып табылады. Самұрық-Қазына қоры түпкілікті бас компания болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның түпкілікті бақылаушы тарабы болып табылады.

2022 жылғы 15 қыркүйек Самұрық-Энерго директорлар кеңесі «Астана» халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында Qazaq Green Power PLC еншілес компаниясын құру туралы шешім қабылдады және жаңадан құрылған компанияға, оның ішінде «Шардара гидроэлектростанциясы» АҚ-ға берілетін компаниялардың алдын ала тізбесін бекітті. Директорлар кеңесінің шешімі тиісті ішкі және сыртқы мақұлдауларды алғаннан кейін күшіне енеді. Осы есептілікке қол қойылған күні Qazaq Green Power PLC құру рәсімі аяқталған жоқ.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері

Осы 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін қысқартылған аралық қаржылық есептілік 34 «Аралық қаржылық есептілік» ХҚЕС (IAS) сәйкес дайындалды.

Аралық қысқартылған қаржылық есептілік жылдық қаржылық есептілікте ашылуға жататын барлық мәліметтер мен деректерді қамтымайды және ХҚЕС сәйкес дайындалған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жылдық қаржылық есептілігімен бірге қаралуы тиіс.

Осы аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының негізгі ережелері 20-ескертпеде көрсетілгендей корпоративтік табыс салығын есепке алуды қоспағанда, соңғы қаржы жылы үшін есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған ережелерге сәйкес келеді.

Осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікке Компания басшылығы 2023 жылғы 11 қыркүйекте қол қойды.

**Операциялардың маусымдылығы**
Компанияның қызметі электр энергиясын өндіру көлемінің маусымдық ауытқуларына ұшырайды. Бұл тербелістер гидроэлектростанцияның (бұдан әрі – ГЭС) жүктеме режимімен байланысты. ГЭС жүктемесінің режимі Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті реттейтін су жіберулеріне, табиғи, оның ішінде маусымдық, Шардара су қоймасын толтыру деңгейінің ауытқуына байланысты болады.

**Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы**
Компанияның функционалдық валютасы және аралық қысқартылған қаржылық есептілігін ұсынудың валютасы теңге болып табылады.

Қаржылық есептіліктегі барлық сомалар, егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгеге дейін жуықталды.

Есепті күнге шетел валюталарында көрсетілген қаржылық есептілік баптарын қайта есептеу үшін, сондай-ақ бухгалтерлік есепте валюталық операцияларды көрсету мақсаттары үшін Компания Қазақстан Республикасында белгіленген валюталардың ресми бағамын қолданады.

Шетел валюталарында көрсетілген қаржылық активтер мен міндеттемелер мынадай бағамдар бойынша қайта есептелді:
- 2022 жылғы 31 желтоқсанға: 1 еуро – 492,86 теңге.

**Қызметтің үздіксіздігі принципі**
Осы қысқартылған аралық қаржылық есептілік Компанияның әрекет етіп жүргенін және жақын болашақта әрекет ететінін ескере отырып дайындалады. Осылайша, Компания өз қызметінің ауқымын таратуды немесе айтарлықтай қысқартуды қажет етпейді және мұқтаж емес деп болжанады. Аралық қаржылық есептілік, егер Компания үздіксіздік принципі негізінде өз қызметін жалғастыра алмаса, қажетті түзетулерді қамтымайды.

**Есептеу әдісі**
Бұл аралық қысқартылған қаржылық есептілік есептеу әдісіне сәйкес жасалады (ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен басқа). Есептеу әдісі экономикалық операциялардың әсерін, сондай-ақ Компанияның экономикалық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ оның экономикалық ресурстарына және бұл әсер тиісті ақшалай түсімдер мен төлемдердің уақытына қарамастан пайда болған кезеңдерде, оған қойылатын талап құқықтарына әсер ететін оқиғалар мен жағдайларды танумен қамтамасыз етіледі.

**Ұсыну реттілігі**
Қаржылық есептіліктегі баптарды ұсыну және жіктеу бір кезеңнен келесі кезеңге дейін сақталады. Қаржылық есептілікті ұсынуды айтарлықтай қайта қарау қаржылық есептілікті ұсынуға өзгерістер енгізу қажеттілігін болжауы мүмкін. Компания ұсынылатын қаржылық есептілікке өзгерістер ХҚЕС талаптарына байланысты болған жағдайда немесе ұсынудың өзгертілген нысаны қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін сенімді және маңыздырақ ақпаратты берген жағдайда ғана өзгерістер енгізеді және қайта қаралған құрылым сақталуы мүмкін және ақпараттың салыстырмалылығы әсер етпейді.

**Өзара есеп айырысу**
Компания активтер мен міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды қандай да бір стандартта рұқсат етілген немесе талап етілетін немесе өзара есепке алуға заңды құқығы бар жағдайларды қоспағанда, өзара есепке алмайды.

## 3. Жаңа стандарттар, түзетулер және түсініктемелер

**Жаңа немесе қайта қаралған IFRIC стандарттары мен түсіндірулері 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін міндетті болып табылады.**
Компания 2023 жылға күшіне енген стандарттарға түзетулер қабылдады. Бұл түзетулер Компанияның аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

**Жаңа ХҚЕС, ХҚЕС түзетулері және күшіне енбеген түсіндірмелер**
Бірқатар жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер 2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша күшіне енген жоқ. Компания осы өзгерістердің ешқайсысын мерзімінен бұрын қолданбаған және олар осы қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілмеген. Компания осы стандарттар мен интерпретацияларды олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

## 4. Басшылықтың бағалауы

Аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелер сомаларына қатысты бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануын және қаржылық есептілікті жасау күніндегі шартты активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты және есептілікте көрсетілген есепті кезеңдегі пайда мен залал сомаларын ашуды көздейді.

Бағалау және олардың негізінде жатқан болжамдар бастапқы тәжірибеге және басқа факторларға, соның ішінде Компания басшылығының пікірінше, осы жағдайларда негізделген болашақ оқиғаларды күтуге негізделген. Бағалар мен болжамдар үздіксіз тексеріледі. Есептік бағалаулардағы өзгерістер, егер өзгеріс тек сол кезеңге әсер етсе, бағалау қайта қаралатын кезеңде немесе өзгеріс ағымдағы және болашақ кезеңдерге әсер етсе, өзгеріс пен болашақ кезеңдерде танылады.

Осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған түйінді есептік бағалаулар мен жорамалдар корпоративтік табыс салығы бойынша есепті қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған бағалаулар мен пайымдауларға сәйкес келеді (20- ескертпе).

## 5. Негізгі құралдар

| | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар мен жабдықтар | Көлік құралдары | Басқалары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны:** | | | | | | |
| **31.12.2022 ж-ға** (аудиттелген) | **10 714** | **36 488 533** | **290 507** | **118 791** | **255 008** | **37 163 553** |
| түсуі | - | 2 071 | 3 188 | - | 1 000 | 6 259 |
| кемуі | - | - | (180) | - | (1 569) | (1 749) |
| **30.06.2023 ж-ға** (аудиттелмеген) | **10 714** | **36 490 604** | **293 515** | **118 791** | **254 439** | **37 168 063** |
| **Жинақталған амортизация:** | | | | | | |
| **31.12.2022 ж-ға** (аудиттелген) | - | **(5 292 240)** | **(215 961)** | **(85 871)** | **(125 900)** | **(5 719 972)** |
| есептеу | - | (637 913) | (14 945) | (2 892) | (17 741) | (673 491) |
| кему кезінде есептен шығару | - | - | 180 | - | 1 568 | 1 748 |
| **30.06.2023 ж-ға** (аудиттелмеген) | - | **(5 930 153)** | **(230 726)** | **(88 763)** | **(142 073)** | **(6 391 715)** |
| **Баланстық құн:** | | | | | | |
| **31.12.2022 ж-ға** (аудиттелген) | **10 714** | **31 196 293** | **74 546** | **32 920** | **129 108** | **31 443 581** |
| **30.06.2023 ж-ға** (аудиттелмеген) | **10 714** | **30 560 451** | **62 789** | **30 028** | **112 366** | **30 776 348** |

## 6. Қорлар

| | 30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген) | 31.12.2022 ж-ға (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Негізгі материалдар | 15 008 | 15 113 |
| Отын | 16 996 | 17 915 |
| Қосалқы бөліктер | 492 462 | 490 276 |
| Басқалар | 64 339 | 62 760 |
| Құнсыздануға арналған резерв | (4 909) | (4 909) |
| **Барлығы** | **583 896** | **581 155** |

## 7. Сауда және басқа дебиторлық берешек

| | 30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген) | 31.12.2022 ж-ға (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Электр энергиясы үшін | 125 522 | 229 884 |
| Электр қуатының дайындығын қолдау қызметі үшін | 792 782 | 264 261 |
| Басқа тауарлар мен қызметтер үшін | 1 012 | 489 |
| **Барлығы** | **919 316** | **494 634** |

## 8. Басқа ағымдағы активтер

| | 30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген) | 31.12.2022 ж-ға (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Берілген аванстар | 9 843 | 12 106 |
| Болашақ кезеңдердің шығыстары (сақтандыру және басқалар) | 4 406 | 10 466 |
| Басқалары | 91 | - |
| **Барлығы** | **14 340** | **22 572** |

## 9. Ақша қаражаттары және олардың баламалары

| | 30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген) | 31.12.2022 ж-ға (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Банктердегі есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражаттары | 434 305 | 912 471 |
| Банктердегі 3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақша қаражаттары | 1 010 000 | 480 169 |
| Қолма-қол ақша | 2 886 | 3 012 |
| Құнсыздануға арналған резерв | (414) | (139) |
| **Барлығы** | **1 446 777** | **1 395 513** |

## 10. Капитал

**Жарғылық капитал**

2023 жылғы 30 маусымда және 2022 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған және орналастырылған акциялар:

| | Мемлекеттік тіркеу күні | 1 акцияның номиналды құны, теңге | Акциялардың саны, дана | Эмиссия сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| Бірінші шығарылым | 03.03.2000 ж. | 1 000 | 130 188 | 130 188 |
| Екінші шығарылым | 24.09.2008 ж. | 1 000 | 202 567 | 202 567 |
| **Барлығы** | | | **332 755** | **332 755** |

Әрбір қарапайым акцияға бір дауыс беріледі. Компания артықшылықты акциялар шығарған жоқ.

**Дивидендтер**

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең ішінде Компания 100 000 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төледі (2022 жылы: Компания дивидендтер жарияламады және төлемеді).

## 11. Қарыздар

**2023 жылғы 30 маусымдағы қарыздардың баланстық құны** (аудиттелмеген):

| | Барлығы | Ағымдағы | Ұзақ мерзімді |
|---|---|---|---|
| **Самұрық -Энерго, облигациялар** | | | |
| негізгі қарыз | 14 000 000 | 2 900 000 | 11 100 000 |
| сыйақы | 255 208 | 255 208 | - |
| | **14 255 208** | **3 155 208** | **11 100 000** |
| **Барлығы** | **14 255 208** | **3 155 208** | **11 100 000** |

**2022 жылғы 31 желтоқсандағы қарыздардың баланстық құны** (аудиттелген):

| | Барлығы | Ағымдағы | Ұзақ мерзімді |
|---|---|---|---|
| **Самұрық -Энерго, облигациялар** | | | |
| негізгі қарыз | 15 500 000 | 2 900 000 | 12 600 000 |
| сыйақы | 190 306 | 190 306 | - |
| | **15 690 306** | **3 090 306** | **12 600 000** |
| **Барлығы** | **15 690 306** | **3 090 306** | **12 600 000** |

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде қарыздардың баланстық құнын өзгерту:**

| | Негізгі борыш | Сыйақы | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **31.12.2022 ж-ға (аудиттелген)** | **15 500 000** | **190 306** | **15 690 306** |
| ақша қаражаттарымен өтеу | (1 500 000) | (981 500) | (2 481 500) |
| есептелген сыйақы | - | 1 046 402 | 1 046 402 |
| **30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген)** | **14 000 000** | **255 208** | **14 255 208** |

Облигациялар бойынша купон мөлшерлемесі: 2023 жылғы 25 мамырды қоса алғанда – 13 %, 2023 жылғы 26 мамырдан бастап - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс сыйақының купондық кезеңі үшін жылдық 2% маржа формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлеме

Негізгі борыш бойынша міндеттемелердің ақшалай өзгерістері қаржы қызметі құрамындағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте, сыйақы бойынша – операциялық қызмет құрамында көрсетіледі.

## 12. Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек

| | **30.06.2023 ж-ға** (аудиттелмеген) | **31.12.2022 ж-ға** (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Мердігерге ГЭС жаңғырту үшін кредиторлық берешек | - | 1 404 458 |
| Сауда кредиторлық берешек | 24 455 | 147 643 |
| **Барлығы** | **24 455** | **1 552 101** |

***Мердігерге ГЭС жаңғырту үшін кредиторлық берешек***

ГЭС жаңғырту үшін мердігерге кредиторлық берешек – 2020 жылы аяқталған ГЭС жаңғырту жобасы шеңберінде сатып алынған активтер мен қызметтер үшін ANDRITZ HYDRO GmbH алдындағы берешек. Келісімшарт бойынша есеп айырысу валютасы – еуро. Қарыз 2023 жылы ақшалай қаражатпен толығымен өтелді.

## 13. Басқа салықтар бойынша міндеттемелер

| | **30.06.2023 ж-ға** (аудиттелмеген) | **31.12.2022 ж-ға** (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Қосылған құн салығы | 218 477 | 203 064 |
| Басқалар | 49 | 10 399 |
| **Барлығы** | **218 526** | **213 463** |

## 14. Басқа да ағымдағы міндеттемелер

| | 30.06.2023 ж-ға (аудиттелмеген) | 31.12.2022 ж-ға (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Электр энергиясын жеткізуге алынған аванстар | - | 25 446 |
| Қызметкерлерге еңбекақы төлеу бойынша берешек | 36 780 | 2 098 |
| Қызметкерлерге төлемдер бойынша резервтер | 82 435 | 40 215 |
| Міндетті төлемдер мен аударымдар | 12 438 | 18 265 |
| Есептелген міндеттемелер | 14 996 | 14 996 |
| Басқа міндеттемелер | 3 618 | 559 |
| **Барлығы** | **150 267** | **101 579** |

## 15. Түсім

| | 30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) | 30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Электр энергиясын сату | 4 400 982 | 2 972 827 |
| Электр қуатының дайындығын қолдау қызметі | 1 415 682 | 1 415 682 |
| Басқалары | 10 679 | 10 076 |
| **Барлығы** | **5 827 343** | **4 398 585** |

## 16. Сатылымдардың өзіндік құны

| | 30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) | 30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Электр энергиясы және электр қуатының дайындығын қолдау қызметі | 1 908 143 | 1 779 752 |
| Басқалары | 6 470 | 6 078 |
| **Барлығы** | **1 914 613** | **1 785 830** |

| | 30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) | 30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Еңбекақы және байланысты шығындар | 363 832 | 325 281 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы | 669 666 | 671 378 |
| Отын және сатып алынған электр энергиясы | 631 086 | 383 930 |
| Салықтар және міндетті төлемдер | 31 668 | 244 366 |
| Электр энергиясын диспетчерлеу және теңгерімдеу жөніндегі қызметтер | 147 462 | 110 670 |
| Күзет қызметтері | 23 553 | 14 311 |
| Шығын материалдары | 6 788 | 7 405 |
| Сақтандыру | 7 788 | 7 597 |
| Су беру қызметтері | 16 076 | 9 570 |
| Жабдыққа қызмет көрсету және диагностика | 8 962 | 6 381 |
| Іссапар шығындары | 1 583 | 1 526 |
| Басқа шығындар | 6 149 | 3 415 |
| **Барлығы** | **1 914 613** | **1 785 830** |

## 17. Жалпы және әкімшілік шығыстар

| | 30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) | 30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Еңбекақы және байланысты шығындар | 132 301 | 108 669 |
| Салықтар және бюджетке төленетін төлемдер | 1 460 | 869 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы | 5 920 | 5 365 |
| Іссапар шығындары | 2 522 | 2 086 |
| Құқықтық және кәсіби қызметтер | 4 180 | 4 033 |
| Басқа қызметтер | 25 823 | 11 806 |
| Байланыс қызметтері | 2 587 | 2 531 |
| Мүшелік жарналар | 249 | 221 |
| Қысқа мерзімді жалдау | 3 612 | 814 |
| Шығын материалдары | 3 187 | 3 920 |
| Директорлар кеңесінің мазмұны | 1 181 | 1 300 |
| Күзет қызметтері | 2 141 | 2 162 |
| Банктердің қызметтері | 1 402 | 878 |
| Басқа шығындар | 14 461 | 19 172 |
| **Барлығы** | **201 026** | **163 826** |

## 18. Қаржылық кірістер

| | **30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін** (аудиттелмеген) | **30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін** (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Қысқа мерзімді депозиттік салымдар және ағымдағы есеп айырысу шоты бойынша сыйақы | 104 968 | 30 929 |
| **Барлығы** | **104 968** | **30 929** |

## 19. Қаржылық шығыстар

| | **30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін** (аудиттелмеген) | **30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін** (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақы (11- ескертпе) | 1 046 402 | 1 189 583 |
| **Барлығы** | **1 046 402** | **1 189 583** |

## 20. Табыс салығы бойынша шығыстар

Корпоративтік табыс салығының қолданыстағы мөлшерлемесі 20% құрайды.
30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде Компанияның табыс салығы бойынша шығындарының негізгі компоненттері келесідей:

| | **30.06.2023 ж. аяқталған 6 ай үшін** (аудиттелмеген) | **30.06.2022 ж. аяқталған 6 ай үшін** (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс | - | - |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс (үнем) | 569 488 | 278 146 |
| **Салық бойынша шығыстардың (үнем) жиыны** | **569 488** | **278 146** |

Аралық кезеңге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар есепті жылдың үшінші және төртінші тоқсандарындағы қызметтің күтілетін нәтижелеріне түзетумен компанияның алты айлық кезеңдегі қызметінің нәтижелеріне негізделеді.

## 21. Байланысты тараптармен операциялар

Байланысты тараптар деп олардың біреуі «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС 24-те айқындалғандай, екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі ықпал етуді бақылауға немесе жүзеге асыруға мүмкіндігі бар тараптар, жалпы бақылаудағы тараптар саналады.

Тараптардың байланысты екендігі туралы мәселені шешкен кезде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынасының мазмұны ескеріледі.

Осы қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін байланысты тараптар мыналарды қамтиды:
- бас компания – Самұрық-Энерго;
- Самұрық-Қазына Қорының бақылауындағы ұйымдар;
- Компанияның елеулі операциялары бар мемлекеттің бақылауындағы басқа компаниялар;
- негізгі басқару персоналы.

Байланысты тараптармен операциялар әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылды. Операциялардың сипаты және байланысты тараптармен өзара есеп айырысудың өтелмеген қалдықтары төменде келтірілген.

### Сауда операциялары

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша байланысты тараптармен сауда операциялары бойынша қалдықтар:

| | *Еск.* | Жалпы бақылаудағы компаниялар | Мемлекеттің бақылауындағы басқа компаниялар |
|---|---|---|---|
| Берілген авансатар | 8 | 6 102 | - |
| Сауда дебиторлық берешек | 7 | - | 792 782 |
| Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек | 12 | 4 826 | - |

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары:

| | *Еск.* | Жалпы бақылаудағы компаниялар | Мемлекеттің бақылауындағы басқа компаниялар |
|---|---|---|---|
| Түсім | 15 | - | 1 415 682 |
| Өзіндік құны | 16 | 147 462 | 629 214 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 17 | 16 390 | - |
| Басқа шығындар | | 277 | - |

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары:

| | *Еск.* | Жалпы бақылаудағы компаниялар | Мемлекеттің бақылауындағы басқа компаниялар |
|---|---|---|---|
| Түсім | 15 | - | 1 415 682 |
| Өзіндік құны | 16 | 110 670 | 458 047 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 17 | 13 256 | - |
| Басқа шығындар | | 294 | - |

### Облигациялар

Компанияның Самұрық-Энергоның алдында облигациялар бойынша берешегі бар. Міндеттемелер туралы ақпарат 11-ескертпеде берілген. Есептелген купондық сыйақы қаржылық шығыстарда ұсынылған (19-ескертпе).

### Негізгі басшы персоналдың сыйақысы

Негізгі басшы персоналдың сыйақысына жалақы, сыйлықақы төлеуге бекітілген жанама кірістер кіреді. 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде сыйақы 27 393 мың теңгені құрады (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде: 25 704 мың теңге) және Компанияның әкімшілік шығыстарында көрсетілген.

## 22. Шарттық және шартты міндеттемелер

### Сот каураулары

Кәдімгі қызметті жүзеге асыру барысында Компания әртүрлі процестер мен талаптардың объектісі болып табылады/бола алады. Басшылық түпкілікті міндеттеме, егер мұндай процестерге немесе талаптарға байланысты орын алса, Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына да, болашақта жұмыс нәтижелеріне де айтарлықтай әсер етпейді деп санайды.

### Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен практикасы үздіксіз даму процесінде және ретроспективті әсер етуі мүмкін түрлі түсіндірулер мен жиі өзгерістердің объектілері болып табылады. Сонымен қатар, салық және басқа органдар салықтық мақсаттар үшін Компанияның жеке операцияларын түсіндіруі Компания басшылығының сол операцияларды түсіндіруімен сәйкес келмеуі мүмкін. Нәтижесінде мұндай операцияларға салық және басқа органдар қарсы шығуы мүмкін және Компания айыппұл салу қаупіне ұшырайды. Компания басшылығы салық тәуекелдерін үнемі бағалайды. Мұндай бағалаулар елеулі пайымдауды талап етеді және салық заңнамасындағы өзгерістер, қосымша түсініктемелер шығару, шешімін күткен салық талқылаулары бойынша нәтижелерді жариялау, сондай-ақ салық органдары мен басқа реттеушілер тарапынан болашақ тексерулер нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

2022 жылы уәкілетті органдар осы қаржылық есептілікке қол қойылған күні аяқталмаған 2021 жылды қоса алғанда, Компанияның салық міндеттемелерін кешенді тексеруді бастады. Өткен тәжірибеге негізделген басшылықтың пікірінше, оны түсіну және қолданыстағы салық заңнамасын қолдану дұрыс және Компания ықтимал салық талаптарына қатысты айтарлықтай шығынға ұшырамайды.

### 2019 жылғы 7 маусымдағы Инвестициялық келісім бойынша міндеттемелер

2019 жылғы 7 маусымдағы инвестициялық келісім Компанияға 2020-2028 жылдар ішінде техникалық және экологиялық көрсеткіштер бойынша бірқатар нысаналы индикаторларды сақтау бойынша міндеттемелер жүктейді. Басшылық осы қаржылық есептілікке қол қойылған күні Компания Инвестициялық келісімнің шарттарын орындай алмайды деп пайымдауға негіз жоқ деп есептейді.

### Облигацияларды орналастыруға байланысты міндеттемелер мен шектеулер (11- ескертпе)

*Шарт талаптарының сақталуына жауапкершілік*

Компанияның облигацияларды Сатып алу - сату шартының талаптарын және Terms & Conditions AIX ережелері мен талаптарын орындамауы кредиторға шартты біржақты тәртіппен бұзуға және шартты бұзу күніне негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын талап етуге құқық береді. 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңнің қорытындысы бойынша және осы есептілікке қол қойылған күні Компания облигацияларды Сатып алу - сату шартының талаптарын сақтады.

*Қайта беру құқығын шектеу*

Облигацияларды Сатып алу - сату шартының тараптары шарт бойынша құқықтар мен пайданы немесе құқықтар мен мүдделерді қайта беруге немесе беруге құқылы емес.

### Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Компания Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі заңдары мен нормативтік-құқықтық актілерін сақтауға тиіс. Компания басшылығы осы заңдар мен ережелерді көп деңгейде орындайтынына сенімді болғанымен, сыртқы күтпеген міндеттемелер жоқ екеніне сенімділік жоқ.

### Сақтандыру

Қазақстанның сақтандыру нарығы қалыптасу сатысында тұр және басқа елдерде кеңінен таралған сақтандырудың көптеген нысандары Қазақстанда қолжетімді емес. Компания өзінің активтері мен қызметіне немесе Компанияның апаттары немесе операциялары нәтижесінде жылжымайтын мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін залал үшін үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелеріне қатысты толық сақтандыру қорғанысына ие емес. Компания толық сақтандырылмайынша, жеке активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

## 23. Қаржылық тәуекелдерді басқару

Компанияның қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге ұшыратады: несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел. Компания деңгейіндегі тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарықтарының күтпеген жағдайына бағытталған және оның қаржылық нәтижелеріне ықтимал теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған. Компания тәуекелдерді хеджирлеу үшін туынды қаржылық құралдарды пайдаланбайды.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару бас компанияның саясатына негізделген.

**Санаттар бойынша қаржы құралдары**
Қаржылық тәуекелдерді басқару саясатының принциптері компанияның қаржылық құралдарының төменде көрсетілген топтарына қолданылды (баланстық құн):

| | **30.06.2023 ж.** (аудиттелмеген) | **31.12.2022 ж.** (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 1 446 777 | 1 395 513 |
| Сауда дебиторлық берешек | 919 316 | 494 634 |
| **Қаржылық активтердің жиыны** | **2 366 093** | **1 890 147** |
| | | |
| Қарыздар | 14 255 208 | 15 690 306 |
| Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек | 24 455 | 1 552 101 |
| **Қаржылық міндеттемелердің жиыны** | **14 279 663** | **17 242 407** |

**Несиелік тәуекел**
Несиелік тәуекел - бір тараптың қаржы құралы бойынша екінші тарапқа қаржылық шығын келтіру қаупі, өйткені ол өз міндеттемесін орындай алмайды.

Компанияның несиелік тәуекелінің максималды мөлшері банктердегі шоттарда орналастырылған ақша қаражаттары мен олардың баламаларының баланстық құнына және сауда дебиторлық берешегіне сәйкес келеді.

Компанияда электр энергиясын сатып алушылар шектеулі.

Компания электр энергиясын сату келісімдерінде аванстық төлемдерді және қарызды өтеудің қысқа мерзімдерін қолдану, сондай-ақ дебиторлық берешектің тұрақты мониторингі арқылы электр энергиясының сауда дебиторлық берешегімен байланысты несиелік тәуекелді басқарады.

Электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметтің жалғыз тұтынушысы – «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС (Самұрық-Қазына бақылауындағы компания) болып табылатын бірыңғай сатып алушы. Бірыңғай сатып алушының төлем мерзімі бойынша міндеттемелері Электр қуаты нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларымен регламенттелген.

Компания қарызды қайтармау қаупін минималды деп бағалайды. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешегі кешіктірілмеген немесе құнсызданбаған.

Банктердегі есеп айырысу және депозиттік шоттарда орналастырылған қаражатқа қатысты несиелік тәуекел осы қаражат орналастырылған банктердің дефолт мүмкіндігімен байланысты. Компания басшылығы бұл тәуекелді сенімді беделі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне қаражат орналастыру және осы банктердің кредиттік рейтингін қадағалау арқылы басқарады.

Төмендегі кестеде Компанияның ақша қаражаттары мен олардың баламалары, пайдалануға шектелген ақша қаражаттары орналастырылған банктердің несиелік рейтингі туралы ақпарат берілген:

| | **Жалпы баланстық құн** | |
|---|---|---|
| | **30.06.2023 ж.** (аудиттелмеген) | **31.12.2022 ж.** (аудиттелген) |
| Ba1 (Ba1), Тұрақты, Moody's | 420 241 | - |
| BB+ (BB+), Тұрақты, S & P | 14 064 | - |
| BB- (BB-), Тұрақты, S&P | 1 010 000 | - |
| BBB - / Тұрақты, Fitch Ratings | - | 1 392 640 |
| **Барлығы** | **1 444 305** | **1 392 640** |

## 23. Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Өтімділік тәуекелі**
Өтімділік тәуекелі - ақша қаражатымен немесе өзге де қаржы активімен есеп айырысуды жүзеге асыруды көздейтін қаржылық міндеттемелерге байланысты міндеттерді орындау кезінде Компанияның қиындықтарға тап болу тәуекелі.

Компания өтімділік тәуекелін бақылайды және оны қысқа мерзімді жоспарлау және болжамды және нақты ақша ағындарын бақылау, қаржылық активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін келісу, өтімділік деңгейіне қойылатын талаптарды бақылау, сондай-ақ қызметті орта және ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы басқарады.

Төмендегі кестелерде Компанияның қаржылық міндеттемелерін өтеуге дейін қалған шарттық мерзімдер бойынша бөлу көрсетілген. Сомалар келісімшарттық дисконтталмаған ақша ағындарын білдіреді. Төлеуге берілетін сома тіркелген болып табылмайтын жағдайларда ағынның сомасы есепті күні бар шарттар негізге алына отырып айқындалады. Валюталық төлемдер есепті кезеңнің соңындағы ресми бағамды қолдана отырып қайта есептеледі.

| **30.06.2023 ж.** (аудиттелмеген) | **сұраныс бойынша немесе 30 күнге дейін** | **1 жылға дейін** | **2 жылдан 5 жылға дейін** | **5 жылдан астам** |
|---|---|---|---|---|
| Облигациялар | - | 5 278 349 | 14 479 241 | - |
| Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек | 24 455 | - | - | - |
| **Қаржылық міндеттемелердің жиыны** | **24 455** | **5 278 349** | **14 479 241** | **-** |

| **31.12.2022 ж.** (аудиттелген) | **сұраныс бойынша немесе 30 күнге дейін** | **1 жылға дейін** | **2 жылдан 5 жылға дейін** | **5 жылдан астам** |
|---|---|---|---|---|
| Облигациялар | - | 4 768 750 | 15 305 000 | 1 039 000 |
| Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек | 147 500 | 1 404 601 | - | - |
| **Қаржылық міндеттемелердің жиыны** | **147 500** | **6 173 351** | **15 305 000** | **1 039 000** |

**Нарықтық тәуекел**
Нарықтық тәуекел - бұл қаржы құралының әділ құны немесе ол бойынша болашақ ақша ағындары нарықтық бағаның өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуекел.
Компания нарықтық тәуекелге, атап айтқанда валюталық және ықтимал пайыздық тәуекелдерге ұшырайды.

*Валюталық тәуекел*
Валюталық тәуекел - бұл валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны өзгеретін тәуекел.

Еуроның айырбас бағамының өзгеруі Компанияның қаржылық жағдайына әсер етті, нәтижесінде жеткізушілер алдындағы айтарлықтай кредиторлық берешек еурода көрсетілді. Берешек 2023 жылы өтелді (12- ескертпе) және 30 маусымда Компанияның валюталық тәуекелі жоқ.

*Пайыздық тәуекел*
Пайыздық тәуекел - бұл қаржы құралының әділ құны немесе ол бойынша болашақ ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуекел.

2023 жылғы 26 мамырдан бастап пайыздық тәуекел Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің құбылмалылығымен байланысты, өйткені көрсетілген күннен бастап облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме осы мөлшерлемеге байланысты болады (11- ескертпе).

## 24. Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн – бұл бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде активті сату кезінде алынуы немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең жақсы дәлелі бұл белсенді нарықтағы баға болып табылады. Белсенді нарық - бұл активпен немесе міндеттемемен операциялар жеткілікті жиілікте және тұрақты негізде бағалау туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта тізімделмеген активтер үшін әділ құн тиісті бағалау әдістерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай әдістемелер коммерциялық негізде жасалған ең соңғы мәмілелердің бағаларын пайдалануды қамтиды; ұқсас құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау; бағалаудың басқа модельдері.

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді:
- 1 деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленімі (ешқандай түзетусіз);
- 2-деңгей: әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері;
- 3-деңгей: иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Компания есепті күнге қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін келесі әдістер мен болжамдарды қолданды:

***Әділ құны бойынша есепке алынбайтын, бірақ әділ құны ашылатын активтер мен міндеттемелер:***

*Ақша қаражаттары және олардың баламалары*
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының баланстық құны осы қаржы құралдарының жоғары өтімділігіне байланысты олардың әділ құнына жақын.

*Сауда дебиторлық және кредиторлық берешек*
Өтеу мерзімі он екі айдан аз активтер мен міндеттемелер үшін баланстық құн осы қаржы құралдарын салыстырмалы түрде қысқа өтеу мерзімінің салдарынан әділ құнға тең болады.

*Орналастырылған облигациялар*
Компания орналастырған облигациялар белгіленген пайыздық мөлшерлемемен және белгіленген өтеу мерзімімен қаржылық міндеттемелер болып табылады. Компанияның облигациялары бойынша нарықтық баға белгілеулер болмағандықтан, Компания олардың бағалау әділ құнын несиелік тәуекелі мен өтеу мерзімі ұқсас жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықтайды. Компанияның облигациялары бойынша міндеттемелердің баланстық құны олардың әділ құнына жуықтайды, өйткені облигациялар есепті күнге ұқсас құралдарға тән шарттарда орналастырылады.

## 25. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2023 жылғы 1 шілдеден бастап «Электр энергетикасы туралы» Заңға енгізілген өзгертулер күшіне енді, олар басқалармен қатар электр энергиясына тариф белгілеудің жаңа ережелерін енгізеді, сондай-ақ Компанияны өндірілетін электр энергиясының барлық көлемін бірыңғай сатып алушыға және (немесе) онымен бірге адамдардың бір тобына кіретін тұтынушыларға сатуға міндеттейді.

Берлібаев А. А.
Басқарманың төрағасы

Сахова Н. И.
Бас бухгалтер